

**«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Талғар филиалы**

Филиал туралы мәлімет

«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Талғар филиалының тарихы:

1. «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Талғар филиалы 1995 жылы 17 қазан күні № 1-12 Талғар аудандық әкімінің шешімімен Талғар аудандық мұрағаты болып құрылды.

2. «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 28.05.2018 жылғы № Б-47 бұйрығының негізінде «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Талғар филиалының атауы «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Талғар филиалы болып өзгертілген;

3. Филиалдың штат саны – 11 бірлікті құрайды, оның ішінде 1 - филиал директоры, 6 - архивист және 4 - техникалық қызметкерлер бар;

4. Филиал қызметінің мәні мен мақсаттары: заңмен белгіленген тәртіпте ұлттық құндылық ретінде танылып, Алматы облысының Талғар ауданында орналасқан және филиалдың жинақтау көздеріне жататын мекемелердің, ұйымдардың, барлық меншік түрлеріндегі кәсіпорындардың іс-әрекетінде қалыптасқан айрықша тарихи, ғылыми, әлеуметтік және мәдени маңызы бар құжаттарды сақтау мен пайдалану болып табылады.

Филиал қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын толықтыру, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыру, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар кешенін жүргізу.

Филиал мақсатқа қол жеткізу үшін мынандай қызмет түрлерін жүзеге асырады: Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры құжаттарын және басқа архивтік құжаттарды белгіленген тәртіпте сақтауға алуға іріктеу және қабылдау; архивтік құжаттарды жинақтау; филиалда сақтауда жатқан құжаттардың мемлекеттік есебін жүргізу; сақтауға алынған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету; сақтауда жатқан құжаттардың іс жүзінде пайдалануын ұйымдастыру; жеке және заңды тұлғалардан түскен әлеуметтік-құқықтық, тақырыптық сұраныстарды орындау; белгіленген тәртіпте «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметін көрсету; құжаттарды сақтаудың оңтайлы жағдайын жасау және олардың физикалық сақталуын қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүргізу; Филиалдың жинақтау көздері - мекемелердің іс жүргізушілік, архивтік және сараптамалық қызметіне әдістемелік көмек көрсету; архив

құжаттарындағы ақпаратты анықтау және құжаттарды басып шығару, көрме ұйымдастыру, теледидар мүмкіндіктері арқылы архив құжаттарындағы ақпараттарды пайдалану.

4. Қор және құжаттар саны:

2024 жылдың 01 қаңтарындағы мәліметке сәйкес филиалда – 134 қор, 44180 сақтау бірліктері сақталуда.

Филиалға өткен құжаттардың ішінде Талғар ауданының ауылдық атқару кеңесінің, аудан және қала әкімі аппараттарының, селолық, ауылдық округтер әкімі аппараттарының, зауыттар мен фабрикалардың, техникум, колледж, училищенің, колхоз, совхоздардың, Алматы жолдары және т.б. мекемелердің құжаттары бар.

5. Жинақтау көздерінің саны – 31;

Филиал ғимараты 2012 жылы салынған.

Филиалдың мекен жайы: «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Талғар филиалы
А.Смыков көшесі, 4,
Кендала ауылы,
Талғар ауданы,
Алматы облысы,
Индекс: 041617,
Телефон: 8 (72774) 4-16-58
E-mail: talgar.arniv@mail.ru

Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау уақыты:

Күнделікті: дүйсенбі – жұма күндері

08:00-ден 17:30-ға дейін

Түскі үзіліс: 12:30-дан 14:00-ге

дейін Демалыс күндері: сенбі - жексенбі